

ӘОЖ 811.512.122

**ҚЫТАЙ ДӘСТҮРЛІ МЕДИЦИНАСЫ. ҚЫТАЙ ДӘСТҮРЛІ ЕМШІЛІГІ МЕН
ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ ЕМШІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.**

Медетханова Балнұр Бақытжанқызы
balnur.medetkhanova125@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының 1 курс студенті,
Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Әбиденқызы Айнұр

Қытай медицинасы – дәстүрлі медицинаның белгілі және дамыған саласы. Қытай медицинасының негізі, қайнар көзі қытай халқының көне мәдениеті мен дәстүрінен, қытай өркениетінің жетістіктерінен бастау алады . Б.э.д IV-III мыңжылдықта Хуанхэ өзенінің

жағасында тайпалар қоныстанып б.э.д II ортасында мемлекетке айналған. Ежелгі қытайдағы медицинаның дамуы туралы көне иероглифтік кітаптарда жазылған. Оның кейбіреуіне ең көнесі Нэй цзиннің энциклопедиялық еңбектері болып саналады (18 кітап). Алғашқы тоғызы (Су вэнь) ағзаның құрылышы мен қызметіне, аурудың диагностикасы мен еміне арналған. Қытай халық медицинасының негізінде ежелгі қытайлық материалистік философиясы жатыр. Қытай медицинасы адамның организмін біртұтас дене деп қарастырады, ал дененің саулығы адам организміндегі қуаттың (энергияның) тепе-тендігіне байланысты деп санайды. Мұнда бір мүшеге ғана қатысты диагноз жоқ (мысалы, гастрит, тағы басқа); ол адамның денесін жанынан айырып қарамайды, ондағы сезімдік (эмоциялық), ділдік, рухани қызметтер тек миға ғана емес, әр мүшеге, әр клеткаға тән қасиет деп саналады. Жалпы алғанда, басты назарды емделуге емес, аурудың алдын алуға аударады. Дәрігер, ең алдымен, салауатты өмір сұруға үйрете алатын ұстаз әрі ақылшы. Сау адамның алдымен дәрігерден кеңес сұрауы дағдылы құбылыс. Мұндай ерекшелік, тіпті, көне жазбалардан-ақ айқын көрінеді. Мысалы, «Нэйцзин» қағидатында (б.з.б. 3 – 2 ғасырларда) былай жазылған: «Нағыз дананың ісі былықты түзегенінде емес, тәртіпті сақтағанында...». Дәрілер дайындау үшін қытай медицинасы тек қана табиги құрамдарды қолданады; бұл батыстық медицинада жиі кездесетін асқыну мен жанама қауіп-қатерлердің болуын азайтады. Осындағы ерекшеліктері арқасында оның реңи медицина әдістерінен белгілі бір артықшылықтары бар. Сонымен бірге, қытай медицинасының ұстанымдарының тиісті ғылым негіздеуі болмаса да, көп жағдайда оның әмдік әдістерінің тиімділігінің жоғары екені байқалады. Оған мысал, әсіресе дүние жүзіне белгілі қытай медицинасының бір бағыты – чжэнь-цзю терапиясы, яғни инемен емдеу және күйдіру.

Қазіргі кезде қытай медицинасы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымында (ДДСҰ) реңи түрде танылды. Бірнеше халықаралық медицина ғылымы форумдар мен кездесулерде қытай медицинасы кеңінен зерттелуі, қолданылуы қажет деп көрсетілген. Бұл жөнінде 1978 жылы 6 – 12 қыркүйекте Алматыда өткен ДДСҰ-ның халықар. конференциясының декларациясы қабылданды. ҚХР-да үкімет қолдауымен жыл сайын 30 мындағы қытай медицинасы мамандары даярланады. Ал Қазақстанда қытай медицинасын оқыту Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтында, Шығыс медицина институтында (Түркістан қаласы) және бірқатар медицина жоғары оку орындарда ашылған кафедралар мен факультеттерде жүргізіледі.

Ежелгі қытай дәрігерлері пульстік терапияға ерекше көңіл бөлген. Қытай дәрігерлері пульстің 24 – 200 астам түрін бөлген. Пульс туралы Нэй цзин трактатында айтылған. Б.э.д. III ғ ежелгі Қытай пульс туралы ғылымы 10 томдық трактатта жазылған (Мо-цзин 280 ж.). Ибн –Сина пульстің 48 түрін жазған, соның ішінде 35 Қытай медицинасынан алған. Оның негізін қалаган дәрігер Бянь-цзяо перифериясында әрбір органның тамыр соғысы әртүрлі болады және оларды кем дегенде тоғыз жерден тыңдау керек деген.

Инемен емдеу тәсілі 2000-3000 жыл бұрын пайда болды деген болжамдар айтылады. Ол кездері адамдар темір, болат инелер арқылы ем алса, кейін күміс, мыс, алтын инелерді пайдаланған. Бұл емдеу әдісінің негізгі отаны – Қытай. Бір қызығы, инемен емдеу әдісі көп шығынды қажет етпейді. Мәселен, арнайы құрылғысыз, ешбір отасыз іске асырылатын емдом түрі болғандықтан өте тиімді. Біздің дәуірімізге дейінгі 600 жылдары Корея, Жапония елдері аталмыш әдісті меңгерсе, инемен емдеу XVI ғасырда Еуропаға тарапады. Қазір инемен емдеу әдісі әлемнің 120 елінде тарапады. Негізінен, бұл әдіспен 400-ден астам дерпті емдеуге болады. Мен емді бастамас бұрын, алдымға келген науқасқа арнайы аппараттың көмегімен тамыр лұпілі арқылы диагноз қоямын. Яғни адамның бойында 12 жұп мүше болады десек, осы 12 арнаның бойымен өтетін 34 әмдік нұктесі бар. Әрқайсысының орны бөлек. Сол нұктелерді дәл тауып ине салса, адамның бойындағы тепе-тендік қалпына келеді. Осылайша, ағза сауығады. Инемен емдеудің мақсаты да – осы.

Әрине, кез келген емдеу әдісінің зияны мен пайдасы қатар жүреді. Инемен емдеудің зиянды тұстары да бар. Бірақ өте аз. Мәселен, қан обыры ауруына шалдыққан адамға, дене қызызы көтерілген және жүкті әйелдерге ине қоймаған абзal. Жалпы, адам денесінде ине

қоятын арнайы орындары болады. Яғни, қол мен аяқтың терісі қалың болғандықтан, ине қою – қауіпсіз, бірақ терісі жұқалтаң тұстарға анатомияны терең менгерген адам ғана ине қоя алмайды. Бауыр, бүйрек тұсына ине қояр кезде инені қаншалықты тереңдікте салу керектігін де өте жақсы менгеру керек. Бүйрек пен бауырға немесе кеуде тұска инені тереңірек батырып жіберсе, ағзаға зияны тиеді, яғни аталған ағзаларды тесіп алу қаупі бар. Сондай-ақ, мойын тұсындағы арнайы нұктелерге де инені терең салуға болмайды. Өйткені мойынның кейбір қауіпті тұстарына ине салса, адам өліп кетуі мүмкін. Кейбір ісік ауруларына шалдыққан адамдарға ота қажет болса, инемен емдеудің керегі жоқ. Тым асқынып кеткен аурулардың себебімен алдымен құресу керек. Егер өзге медициналық тәсіл қажет болса, онда инемен емдеу кейінге шегеріледі. Жалпы, бұл әдіс кешенді емдеу шараларының бір бөлігі ғана.

Инеден бөлек, кешенді емдеу шараларына массаж, кей кезде дәрілік шөптерді де пайдаланылады. Қытай медицинасында дәл сол елде пайдаланылатын шөптерден жасалатын дәрі-дәрмектерді қолданылады.

Қытайда дәрілік терапияда дамыған қытайдың халықтық фармациясынан әлемдік тәжірибеге өсімдік туындыларынан: жень-шень тамыры, жуа, чеснок жануарлардан алынған: бауыр желатина және т.б. енген. Ең көрнекті еңбек – ұлы шөпші Ли Ши-чженя 52 томдық еңбек жазған, оның ішінде 1892 дәрілік заттар жазылған. Сонымен бірге Қытайда вариоляция кең дамыған. Шешекке қарсы егу, ауру адмның кептірілген ірінді шешек пустуласын енгізумен аяқталаған. Аурудың алдын алу мақсаттарында келесі сөздер айтылған, медицина өлімнен құтқармайды, бірақ ол өмірді ұзартпайды, мемлекеттерді және халықты өзінің кеңестерінен күшайте алады деген.

Қазақ халқының дәстүрлі емшілік өнері.

Бұған дейін Қазақ медицинасы «Қазақ емшілігі», «Халық емшілігі» деп аталып келді. Қазақ емшілігі-қазақ халқының арасындағы дәстүрлі емшілердің атадан балаға жеткен тәжірибесі негізінде диагноз қойылып, даладан жинап алған өндөлмеген шөп дәрілермен, өндөлмеген жануарлардың әртүрлі органдарымен емдең келген болатын. Ал қазіргі кездегі қытайдағы Қазактардың айтып жүрген, зерттеп жүрген емшілігінің деңгейі жағынан халық емшілігінен әлде қайда жоғары өреке көтерілді. Оған төмендегі дәлелдерді көлтіруге болады.

Қазіргі Қазақ медицинасының біртұтас ортақтыққа келтірілген, жүйелі назариясы-диагноз қою негіздері, дәрі-дәрмек жасау әдістері, рецептері, мамандар даярлайтын оқулықтары жасалды. Халық арасында кеңінен қолданып жүрген шөп дәрілер мен жануарлар органдары рецептері жинақталып, кітап болып баспадан шықты. Қазақ хандығының Әз-Жанібек хан тұсындағы орда емшісі Өтеубойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегі табылып, алғаш рет реттеліп баспадан шықты.

Қазақтың оташылық (сынықшылық) өнері әлемде сирек көзігетін ғажап өнер. Қытайдың Алтай аймағы Бурылтогай ауданында тұратын Мәулітшәріп Қапаұлы – осы өнермен мықтап айналысқан зерттуші. «Қазақ медицинасындағы диагноз қою, дауалау жолдары», «Қазақ медицинасының ас қорыту жолдарын дауалау», «Қазақ медицинасында сынықты тану, қан алу» деген текстес 4 кітап жазды. Қазақ медицинасы саласында 7 тапқырлығы бар. Сынықшы ретінде сүйек салғанда ол қате бол қалса оны жібітіп, қайта салу керек болады. Осыған жібіткіш май ойлап тауып, патент алған. Оны әсері 7-сафаттан 7 күнге дейін созылады. Егер сүйектің салынғанына оншақты жыл бол кетсе, бұл майды жаққанда ол 7 күнге дейін жібиді.

Жалпы қазақтың оташылық өнері мен қан алу жолдары дүниежүзінде баламасы жоқ. Біз тілдің астынан, мұрынның үстінен, бастан және арқа, бел, сияқты өзге де жерлерден лонқа салып, шабактап қан аламыз. Мәулітшәріп Қапаұлы сынықшылық пен қан алуды кітап қылыш жазды. Қазақтың оташылық өнерінің дамуы оның тұрмысы мен кәсібіне байланысты жоғары деңгейде болды. Ата-бабаларымыз алдымен малды емдең жүріп, бірте-бірте оны адамға да қолдана бастаған. Ол сахара жүрген адамның өзін-өзі құтқару жолы ғой. Оташылықтың тарихына 4-5 мың жыл болғаны қазір ғылыми түрде дәлелденген.

Қазақ медицинасының басқа медицинадан айырмашылығы бар. Бұл аурудың алдын алу, диагноз қою, емдеу, сауықтыру, дәрі-дәрмек жасау, дұрыс азықтану, дұрыс өмір сұру салты ережелерін өз ішіне алады. «Қазақ медицинасының аурулары, диагноз қою әдістері» деген қалың кітап баспадан шықты. Онда қайсы ауруға, қандай әдіспен диагноз қояды және Қазақ медицинасының Шығыс және Тибет медицинасының диагноз қою әдістерінің паркы жайлы бәрі толық жазылған. Қазақтың диагноз қою әдісі -тамыр үстаяу, көзбен көру, дene мүшелеріне қарау, сөйлесу әдістері негізінде іске асады. Қазір жоғары ғылыми-техниканың дамуын пайдаланып, Қазақ медицинасының диагноз қою әдістері де жетіліп келеді.

Сонымен бірге әрбір ұлттың өзінде көп кездесетін аурулар болады. Мысалы, біздің Қазақтардың жасаған ортасы, ұлттық шаруашылық негізіне қарай сүйек –буын аурулары, ревмантизм, сүйектан болатын әртүрлі аурулар көп болады. Азық-тұлік тұтыну дәстүріне қарай қан қоюлық, қанның май құрамы жоғары болу, қан басым аурулары көп болады.

Сондай-ақ әр ұлттың дene қуаты ұқсамағандықтан осы ауруларды емдеудегі рецептерде, дәрілердің дозалары да ұқсамайды. Біздің қазақ медицинасының істетіп жатқан дәрілері табиғи өсімдіктермен хайуанаттардың ішкі органдары, майларын қолданады. Ол өсімдіктермен хайуанаттар географиялық жағдайларға қарай тек қазақ даласында өсуі не өмір сүруі мүмкін. Сондай-ақ ол өсімдіктермен хайуанаттардың өмір сүрген жерінің құнарлығы мен азық-тұлігіне байланысты емдік әсерлері де өзгеше болуы мүмкін.

Хайуанаттар мен жәндіктерден алынатын дәрілер хайуанаттардың сүйегі, еті, сұті, терісі, өті, майы, жүні, шыбығы, тарамысы, шуы, тағы басқалары жеке-жеке түрде дәрі дәрмекке істетеді. Мысалы аюдың өті, бұғы мүйізі, жолбарыс сүйегі, жүпардың кіндігі, құстардың еті, сиыр сұті, бие сұті, түйе сұті қатарлылар.

Екі елдің дәстүрлі емшілігінің ерекшеліктері жоғарыда айтылып кетті. Қазақстан мен Қытай елі арасында да бір-бірінің емшілік өнері аса жоғары бағаланады, әрі даму үстінде.

Колданылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/«Қытай_медицинасы»
2. Мәулітшеріп Қапаұлы «Қазақ емшілігі»
3. <https://mybiblioteka.su/1-836.html> «Қытайдағы медицинаның дамуы».
4. <http://www.astana-akshamy.kz/> «Инемен емдеу- табыс табудың көзі емес».
5. <https://el.kz/> «Қытайды мойындаған қазақ емшілік өнері».
6. <http://kerey.kz/?p=4241> «Қазақ медицинасын 1,5 млрд Қытай халқы мойындаған отыр» мақаласы.